

Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үндес әрі сабақтас Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында «Жаңғырған қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылуы керек», - деп, басты құрал ретінде Абайдың «Толық адам» формуласын ұсынады.

ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Президент нұсқаған қоғамның да, адамның да абыройын төгетін ысырапшылдық пен даңғазалықтан, бүкіл елді қасіретке ұшырататын жауапсыздық пен немқұрайлылықтан, қоғамның дамуын тежейтін мақтаншақтық, бос сөзділік пен бөспеліктен арылуымыз тиіс. Біріншіден, әркім өз бойындағы осы рухани кеселдерінен арылғанда ұлттың жаңа болмасы қалыптасады. Екіншіден, жаңа заман қазағы, жаңа ғасыр жастары білім мен ғылымда көш бастаса, көштен қалмайтынымыз ақи-

қат. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, қазақ ұлтына тән ерекше болмысты ұлықтау, білім мен ғылымға көңіл бөліп, ең бастысы, бай тіліміздің мәртебесін жоғарылату арқылы ұлттық болмыстың қағидалары қалыптасады. Үшіншіден, бай-бақуатты, тәуелсіз болу үшін баланы жастайынан еңбекті сүйеге тәрбиелеу, жұмыстың жақсы-жаманы болмайтынын түсіндіру арқылы еңбек адамын қалыптастырғанымыз жөн. Төріншіден, өзге елдің қаңсығын, менталитетімізге жат мәдениетті ұлттың қаны-

на сіңіруден аулақ болғанымыз жөн. Бесіншіден, билік пен халық бір-бірін дұрыс түсінініп, өзара құрмет еткен жағдайда ұлттың ішкі бірлігі мен татулығы артады. Алтыншыдан, жаңа сапаға көшудің қағида-ты өз тарихи тәжірибемізден және әлем тәжірибесінен алынуы қажет. Жетіншіден, жаңа сапаға көшу үшін сапалы азаматтар қажет. Сапалы азамат қалыптастыру үшін сапалы білім, сапалы медицина, сапалы заңдардың атқарылуы, демек сапалы билік қажет. Сапалы билік тек демократиялық сайлау барысында қалыптасады. Тек әділ сайланған билік сайлаушыларының алдында жауап беріп, қоғамның талабын орындайды.

**Жомарт ЖОЛДЫБАЕВ,
М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
доценті, тарих
ғылымдарының
кандидаты**